

**2020 жылдың 16-шы қазанындағы  
Оқу-әдістемелік кеңес отырысының  
№2 ХАТТАМАСЫ**

**Оқу-әдістемелік кеңестің Төрағасы,**

э.ғ.д., профессор – Умирзаков С.Ы.

**Хатшы**

э.ғ.м. – Баймурзаева А.Ж.

Қатысқандар: Оқу-әдістемелік кеңестің 27 мүшесінің 25 қатысты (қатысу парағы қосымшада) және шақыртылған Білім беру бағдарламаларының жетекшілері.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ**

1. 2020-2021 оқу жылының күзгі академиялық кезеңіндегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері (баяндамашылар: Сапаны қамтамасыз ету Комиссияларының Төрағалары).

2. 2021 жылы қабылданатындар үшін бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларының тізімін қарастыру және бекітуге ұсыну. (баяндамашылар: Сапаны қамтамасыз ету Комиссияларының Төрағалары, "Докторантура" ҒББД директоры).

3. 2021 жылы қабылданатындар үшін білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру циклі пәндерін оқыту концепциясы (баяндамашы: "Жалпы білім беру пәндері" ҒББД директоры).

4. Әр түрлі

4.1. Магистранттардың педагогикалық практикасын ұйымдастыру туралы Ережені талқылау

4.2. Магистранттардың ғылыми-зерттеу және экспериментті-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін талқылау

4.3. 2021 жылы қабылданатындар үшін БББ меңгеру Оқу жоспарының үлгісін талқылау.

Оқу-әдістемелік кеңестің Төрағасы С.Ы. Умирзаков күн тәртібін жариялап, жиналғандарды оны қабылдау үшін дауыс беруге шақырды. Күн тәртібі **бірауыздан** жалпы дауыс беру арқылы бекітілді.

*1. 2020-2021 оқу жылының күзгі академиялық кезеңіндегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері*

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**Лингвистикалық орталықтың директоры Әубәкір Н.А.** Орталықтың күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (ақпарат қоса беріледі).

**«Дене тәрбиесі және спорт» орталығының директоры Е.Л. Карабаева** Орталықтың күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (ақпарат қоса беріледі).

**Экономика және менеджмент Мектебінің Сапаны қамтамасыз ету Комиссиясының Төрағасы М.М. Рыскулова** мектеп бойынша күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (презентация қоса беріледі).

**Қоғам, технологиялар және экология Мектебінің Сапаны қамтамасыз ету Комиссиясының Төрағасы Ж.Ж. Мейманкулова** мектеп бойынша күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (презентация қоса беріледі).

**«Жалпы білім беру пәндері» ҒББД директоры Гостенко Л.Н.** департамент бойынша күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (ақпарат қоса беріледі).

**Құқық және Мемлекеттік басқару Мектебінің Сапаны қамтамасыз ету Комиссиясының Төрағасы С.Қ. Утеулиев** мектеп бойынша күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (презентация қоса беріледі).

**Аккредитация және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Г.К. Ниеталина** университет бойынша күзгі семестрдегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) таңдамалы постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ұсынды (ақпарат қоса беріледі).

**Сөйледі:**

**Адамбекова А.А.:** Біз ҒББД бойынша нақты ұсыныстар мен ескертулер бойынша ақпаратты сұраймыз.

**Ниеталина Г.К.:** ҒББД бойынша ақпараттарды дайындап, жақын уақытта сіздерге ұсынамыз.

**Ералиева Я.А.:** 2018 жылы қабылданғандар үшін оқыту нәтижелерінің сәйкестігін талдағанда 2020 жылы қабылданғандардың оқыту нәтижелеріне сүйенеміз бе?

**Дальке Н.В.:** біздің ойымызша, егер 2018 жылы оқуға қабылданғандар үшін білім беру бағдарламалары Ерекшеліктер түрінде рәсімделген болса, оқыту нәтижелері тиісті білім деңгейінің Дублиндік дескрипторлары негізінде анықталып, құзыреттіліктер арқылы көрінетін болса, онда 2018 жылы оқуға қабылданғандарға арналған БББ Ерекшеліктеріне назар аудару керек. Бұрын сәл басқаша көзқарас болған, тек нәтижелер сәл өзгеше түрде анықталғаны болмаса, мәні бірдей.

**Ергалиев К.Р.:** бүгінгі таңда Университеттің жалпы ішкі құжатына қайшы келмейтін әр мектеп оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабус) өз формасын қолданылатындығын атап өте отырып, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабус) университет бойынша бірыңғай үлгіде болуын ұсынды.

**Мейманкулова Ж.Ж.:** Қоғам, технологиялар және экология Мектебі (ҚТЭМ) бойынша қолданыстағы силлабустар құрылымын үлгі ретінде талқылауға ұсынды.

**Дальке Н.В.:** Қоғам, технологиялар және экология Мектебі ұсынған силлабустардың құрылымын зерделеп, өз ұсыныстарын беруді сұрап, келесі отырыста қарауды ұсынды.

**ШЕШТІ:**

- 2020-2021 оқу жылының күзгі академиялық кезеңіндегі пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) постмодерациялау нәтижелері бойынша ақпаратты ескеру.
- ҚТЭМ -де қолданылатын силлабустың құрылымын зерделеп, ұсыныстарды мектептердің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комиссияларында талқылап және сапаны қамтамасыз ету Комиссияларының ұсыныстары негізінде келесі оқу-әдістемелік кеңесте шешім қабылдау.

2. 2021 жылы қабылданатындар үшін бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларының тізімін қарастыру және бекітуге ұсыну

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Мектептердің сапаны қамтамасыз ету Комиссияларының төрағалары, «Докторантура» ҒББД директорының орынбасары, Жоғары бизнес мектебі МВА білім беру бағдарламасының жетекшісі 2020-2021 жылдарға арналған білім беру бағдарламаларының Ұлттық реестрге енгізілуі жоспарланған жаңа білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ қолданыстағы білім беру бағдарламалары мен Ұлттық реестрде жаңартуды талап ететін білім беру бағдарламаларының тізімін ұсынды (презентациялар қоса беріледі).

2021 жылы қабылданатындар үшін білім беру бағдарламалар тізімін талқылау қорытындысы бойынша Ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері **Ашық дауыс беру арқылы - бірауыздан ШЕШТІ:**

– Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларының тізімін Ғылыми кеңестің бекітуіне ұсыну:

Білім беру бағдарламаларының (БББ) атауы	Деңгейі	БББ тобының шифрі	Білім беру бағдарламалары тобының атауы
<b>Қоғам, технологиялар және экология Мектебі</b>			
Бизнестегі IT-менеджмент	BA	B057	Ақпараттық технологиялар
Қоршаған орта және тұрақты даму	BA	B051	Қоршаған орта
Халықаралық қатынастар	BA	B140	Халықаралық қатынастар және дипломатия
Интеллектуалды қосымшаларды құру	MA ҒПМ	M094	Ақпараттық технологиялар
Интеллектуалды қосымшаларды құру	MA БМ	M094	Ақпараттық технологиялар
Білім беруді басқарудағы Data-инжиниринг	MA НПМ	M094	Ақпараттық технологиялар
Білім беруді басқарудағы Data-инжиниринг	MA ПМ	M094	Ақпараттық технологиялар
Халықаралық қатынастар	MA НПМ	M064	Халықаралық қатынастар
Халықаралық қатынастар	MA ПМ	M064	Халықаралық қатынастар
<b>Экономика және менеджмент Мектебі</b>			
Бизнестегі тәуекел-менеджмент	BA	B044	Менеджмент және басқару
Экономикалық қауіпсіздік	BA	B046	Қаржы, экономика, банктік және сақтандыру ісі
Corporate Governance, Compliance and Performance Appraisal	MA ҒПМ	M072	Менеджмент және басқару
"Ұйымдағы тәуекелдерді талдау және басқару"	MA ҒПМ	M072	Менеджмент және басқару
Туризм және тұрақты даму	MA ҒПМ	M072	Менеджмент және басқару
<b>Докторантура білім беру бағдарламалары</b>			
Іскерлік әкімшілік жүргізу	DBA	D072	Менеджмент және басқару
International DBA	DBA	D072	Менеджмент және басқару

3. 2021 жылы қабылданатындар үшін білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру циклі пәндерін оқыту концепциясы

**ТЫҢДАЛДЫ:** күн тәртібінің 3 сұрағы бойынша «Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру Департаментінің директоры Л.Н.Гостенко презентацияны аяқтағаннан

кейін және мәселелерді егжей-тегжейлі қамтып, 2021 жылы оқуға қабылданатындар үшін ЖББ циклінің пәндерін оқыту бойынша тұжырымдарын ұсынды (ақпарат қоса беріледі).

**Ашық дауыс беру арқылы – оқу-әдістемелік кеңес мүшелері - бірауыздан ШЕШТІ:**

– Жалпы білім беру пәндері» ғылыми-білім беру Департаментінің директоры Л.Н.Гостенконың ақпаратын және 2021 жылы қабылданатындарға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге БББ-ны игеру үшін оқу жоспарларын құру кезінде ұсынылған тұжырымдарды ескеру.

#### **4. Әртүрлі**

**ТЫҢДАЛДЫ:** күн тәртібінің 4.1., 4.2. сұрақтары бойынша оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Дальке Оқу-әдістемелік кеңеске келесі ішкі нормативтік құжаттарды талқылауға ұсынды:

- ГПМ магистранттарының оқу практикасын ұйымдастыру туралы ереже;
- МҒЗЖ және МЭЗЖ ұйымдастыру тәртібі.

Құжаттар жалпы ұсынымдық сипатта, әр мектеп БББ ерекшеліктеріне байланысты өз процестерін анықтайды. Құжаттар бұрын Оқу-әдістемелік кеңес мүшелеріне талқылау үшін ұсынылған болатын, жасалған ұсыныстар мен ұсынымдар құжаттардың осы нұсқаларында ескерілген.

**Ашық дауыс беру арқылы – оқу-әдістемелік кеңес мүшелері - бірауыздан ШЕШТІ:** ГПМ магистранттарының оқу практикасын ұйымдастыру туралы Ережені, МҒЗЖ және МЭЗЖ ұйымдастыру тәртібін Ғылыми кеңестің бекітуіне ұсыну

**ТЫҢДАЛДЫ:** күн тәртібінің 4.3. «*2021 жылы қабылданатындар үшін БББ меңгеру Оқу жоспарының үлгісін талқылау*» сұрағы бойынша оқу-әдістемелік басқармасының бастығы Н.В. Дальке 2021 жылы қабылданатындар үшін оқу жоспарының құрылымын талқылауға ұсынды.

БББ оқу жоспарларын құрудың «бұлтты» технологиясына көшуге байланысты және Экономика және менеджмент Мектебінің деканы Д.Д. Гимранованың халықаралық аккредитациялардан өту үшін көптеген пәндер бес академиялық кредит көлемінде болуы керек деген ақпараты негізінде, жаңа білім беру бағдарламалары үшін оқу жоспарының келесі құрылымын талқылауға ұсынамын:

- МЖМББС ЖББП міндетті пәндер – 51 кредит
  - Университеттің ерекшеліктерін көрсететін университеттік пәндер – 23 кредит
  - Білім беру бағдарламасы бойынша пәндер – 58 кредит
  - 5 бескредиттік «Таңдау бұлтты» үшін БП пәндер – 25 кредит
  - 7 бескредиттік «Таңдау бұлтты» үшін КП пәндер – 35 кредит
  - 4 бескредиттік Minor пәндері – 20 кредит
  - Кәсіптік практика түрлері бойынша – 16 кредит
  - Қорытынды мемлекеттік аттестаттау -12 кредит
  - Барлығы 240 кредит
- (презентация қоса беріледі)

#### **Сөйледі:**

**Сейтказиева А.М.:** Мектеп деңгейінде Білім беру бағдарламаларының 2020 жылы қабылданғандар үшін жасалған оқу жоспары құрылымын қалдыру мүмкін бе?

**Дальке Н.В.:** Университет үшін оқу бағдарламаларының құрылымын бірыңғай қалыптастыру ыңғайлы, өйткені университетте Major-Minor принципіне негізделген білім беру бағдарламаларын құрудың алгоритмдері бірыңғай тәсілмен қолданылады.

**Крупина Е.:** Аккредиттеу агенттіктері бекіткен, пәндер аккредитациядан өту үшін бес кредиттік болуы керек деген белгілі бір талап бар ма?

**Гимранова Д.Д.:** мұндай талаптар жоқ, бірақ құжаттарды дайындаған кезде бізге аккредитация алуға арналған пәндерді сипаттау оңайырақ болады, өйткені біз әр пәннің кредитіне сипаттама беруіміз керек.

**Ашық дауыс беру арқылы – оқу-әдістемелік кеңес мүшелері - бірауыздан ШЕШТІ:** жаңа білім беру бағдарламалары үшін оқу жоспарының жаңа құрылымы туралы ақпаратты қабылдасын, сонымен қатар мектептер қолданыстағы құрылымды да, жаңадан ұсынылған құрылымды да білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып пайдалануға құқылы.


Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар талқыланды. Төраға оқу-әдістемелік кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

ОӘК Төрағасы

ОӘК хатшысы



---



---

**С.Ы. Умирзаков**

**А.Ж. Баймурзаева**